

Батыр есімін ұлықтау парыз

1916 жылғы Торғай Даласындағы Ұлт-Азаттық көтерілістің хас батыры, атақты Кейкі (Нұрмағанбет) Көкембайұлының есімін елді мекенге беру парыз.

2023 жылы Кейкі батырдың қаза тапқанына 100 жыл толады. Мемлекетіміздің бүгінгі күні тарихи тұлғаларды жас ұрпаққа насихаттау мақсатында тарихымызды жаңалап, толықтырып жазуды қолға алды.

Ұлтымыздың тәуелсіздігі мен бостандығы үшін күрескен, сол жолда құрбан болған арыстарымызды ұлықтап, еңбектеріне қарай қала, елді мекен аттарын, көше аттарын беріп, өткенімізді құрметтеп, өлгенімізді тірілтіп жатқанда ұлтымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін басын бәйгеге тігіп, сол жолда жылдар бойы қарулы жаумен жан алысып, жан беріскен қазақ халқының хас батырларын мәңгілік есте сақтау мақсатында рухына бас ие отырып, оның атын қадірлеу, құрметтеу бүгінгі ұрпақ алдындағы үлкен парыз.

Теңдессіз батыр, көзсіз сүрмерген Кейкі бабамыздың батырлығы, жүректілігі, құралайды көзге атқан мергендігі, самсаған жауға қаймықпай қарсы шапқан

ағаларының қолдауы – қаржылай, малдай көмек беруі барша көтерілісті қолдаған халықтың Дулығалы өзені бойындағы «Бердікей» ишан мешітіне жиналып, сол жердегі ишандар әулетінен бата алып, батаға Қошқар шалып Торғайға аттануын жыр ғып айтатын. Себеп осы аман оралған қариялардың көбі сол оқиғаның күегері еді. Көтерілісшілердің өзінен ондаған, жүздеген есе күші басым, қарулы мықты жауға қарсы шабуы халықтың Ресей империясынан ғасырлар бойы көрген қорлығы мен тартқан азабының, жазықсыз төгілген қандарының ашу-ызасы болатын. Бұл тарихты барша халық біледі. Аманкелді, Әбдіғаппар, Кейкі, Әліби бастаған бұл көтеріліс себеп-салдарсыз басталған жоқ. Бұның артында үлкен қанды кек тұрды.

Яғни, 1914 жылғы Орыс империясының соғыстан жеңіліп қашқан, жиырма бес жыл әскер қатарында болып, қанқұйлы болған, көзіне көрінгенді қылышпен турап, найзамен шабақтаған, адамдық ақыл-ес, сезімнен жұрдай, бас сауғалап отанын тастап қашқан орыстың офицерлері мен қауға сақал саусық солдаттары біздің Торғай даласы арқылы елді мекенді қуалап Қытайға қашқаны Торғай тарихында «Атты казак» сарбаздар қашқыны деп тарихта

болған. Сөзіміз дәлелді болу үшін бірер оқиғаны оқырманға ұсынғанды жөн көрдім. Қазіргі Аманкелді ауданының «Құмкешу» ауылы жанындағы «Қамысбай» елді мекеніндегі бір ауылды түгелдей қырып, үйлерін өртеп кеткен.

Терісаққан өзені бойында отырған елді мекендегі барлық адамды ақ қар көк мұзда үйлерінен айдап әкеліп, қораға қамап, есігін байлап, қораны өртеген. Төбесі ортасына түскенде қабырғаларын ішке қарай итеріп құлатып, өлген адамдарды бастырып кеткен. Халық өлікті тек көктемде жер жібiгенде алған.

Осы өңірдің тағы бір ауылын ұрып-соғып қораға қамауға айдап келе жатқанда үстіне Кейкі батыр келіп қалып, бесатар винтовкамен бес орысты атып өлтірген. Қалғаны тым-тырақай қашқан.

Қазіргі Кейкі батыр кесенесі тұрған жердегі «Тасты» өзені бойындағы жайлауда отырған ауылды 16 «атты-казак» солдаттары шабуылдап, адамдарын өлтіріп, зағын тонап жатқан үстіне Кейкі келіп оларға оқ атып қашқан. Соңынан қуған солдаттарды қашып бара жатып, аттың бауырына жатып бір-бірлеп бәрін де атып өлтіріп, мойындарына тас байлап Тастының суына ағызып жіберген. Келе жатқан жазалаушы отрядты 200-300 шақырым елге жет-

жүріп, қараңғыда қашқан. Қуған жау өлгендерін есептей алмай қырылып отырған. Осындай қуғындау етек алғанда Кейкі батыр құлан әулетінің ата жұрты «Ұлытау» маңындағы «Жетіқызды», «Маятасты», «Бозтұмсықты», «Жыланшық», «Тесібұтақ», «Қараторғай» өзені бойын паналаған.

Аманкелді батырдың әскери комиссары атақты бай Бірәлінің баласы Сұлтан Бектасовтың естелігін келтірейін. (өз аузынан сөздім Ш.Б.).

1919-1923 жылдарда Кейкі таулы тасты «Ұлытау» аймағын паналайды. Кейкіні ұстауға шыққан отряд қырғынға ұшырап, кейде түгелдей қырылып қалған кездері болған. Шарасы құрыған Торғайдағы Совдеп төрағасы комиссар Н.Веденев Сұлтанدى шақырып, сенің туысың Кейкіні ұстауға отрядты бастап сен барасың дейді. Бармасақ амал жоқ. Үстіне жәй киім киіп 20 адаммен Торғайдан Ұлытауға шығады. Ұлытауға жақындаған соң сол маңдағы ауылдың бір сенімді жігітін Кейкіге жіберіп айтады. «Мен келе жатырмын амалсыздан. Үстімде шекпен, басымда бөрік болады. Мені атып тастап жұрмесін» деп ескертеді. Жіберген жігіт жолға шыққанда Кейкі алаңдап ұйықтамай салауатын айтып мазасы қашады. Жанына бір жігітті алып маңайды шолуға шықса алдынан маңағы жігіт

болып түннің бір уағында Токаревті атып, қайта Ұлытауға қашады. Өзінің өскен ауылы Жыланшықтағы Сүтемгеннің Жәкенінің үйінде қонып отырғанда жазалаушы отряд үйді қоршап, «Кейкі, шық, үй қоршауда» деп айғайлайды. Жанында жолда кездескен екі татар болған «Кейкі не деп айтты?» деп сұрайды. «Беріл, беріл-месең гранат тастаймыз» деп айтты дейді. «Айт! Аналарыңа берілмеймін, атысып өлем» дейді. Аналар «Кейкіні есікке итеріп жібер» деп айқайлайды. Қамыс есікке таяу тұрған Кейкіні итеріп жібереді. Есікке соғылғанда жаппай атады. Оқ Кейкінің кіндігінен төмен тиіп құлайды. Сол жерде 2 татарды, інісі Шұбарды, әйелі Ақжанды атып өлтіріп, туарманға келген ананың қарнын қылышпен жарып, баланы шауып – турап тастайды. Кейкінің оң қолын кептенмен шауып, қанжығаға байлап, Торғайға аттанады жауыз отряд.

Қызылдар Кейкіні өздері қоршауға қорқып, 5 шақырым жердегі Рахмет ауылынан 20 шақты қазақты айдап әкеп, өздеріне оққағар етіп, үйді қоршаған. Ауылдастарға оқ ата алмай батыр мерт болды. Сол топта 25 жастағы әкемнің інісі Сейтқасым болып, қанды оқиғаны көзімен көрген. Рахмет ауылында 85 жасында 1982

ерлігі, батылдығы, оң қолының ерекше қарулылығы, атқан оғының жауының қай жеріне тигенін біліп отыруы, ұлжандылығы, діндарлығы, жауға Аллалап салауат айтып ашық шабуылдауы, жауға шапқанда төбесінде алты аққудың ұшып, батырға демеу болуы біреулерге қиял ғажайып болғанымен, бұл тарихи шындық. Батырмен бірге жүрген, дәмдес-тұздас, сыйлас, тағдырлас болған қанды көйлек достарының ортасында 22 жыл болдым.

Рахмет ауылы бұрынғы «Жыланшық» болысының орталығы. Аманкелді батыр осы Рахмет ауылынан 90 шақырым «Дулығалы» мешітінің жанындағы «Балық» қара суында туды. Торғайда қаза тапты. Әбдіғаппар Рахмет ауылынан шығсақ қарай 40 шақырым «Көк өлеңде» тұрды, Рахмет ауылына қарай 10 шақырым жердегі «Зәуре» қопасына әкеліп қызылдар атып кетті. Әліби Жангелдин 90 шақырым жердегі Қайдауылда туды, Алматыда өз ажалынан өлді. Кейкі батыр Рахмет ауылынан 25 шақырым «Байтумада» туды, Рахмет ауылынан 5 шақырым Жалаулы өзені бойындағы «Ожан» Сүтемгеннің Жәкенінің үйінде қызылдар қолынан өзі, інісі, әйелі қаза тапты. Бәрі бір ауылдың азаматтары. Жыланшық аймағы 1932 жылғы аштықтан бос қалып, кейін 1963 жылы осы жерден «Родник» атты кеңшар ашылды.

Соғыстан, репрессиядан, аштықтан аман қалған ағайын ата мекенге 1963-1964 жылдар оралды. Тағдыр тауқыметін тартып, ата мекенге оралған ата-аналардың туған жер топырағын сүйіп, дауыс қып, өкіріп жылағанын жас кезімізде көзбен көрдік. Бас қосқан жердегі әңгіме Аманкелді, Әбдіғаппар, Кейкі жайлы болатын. Әсіресе, Кейкі батырдың ерлігін жырғып әңгімелеп, салауаттарын жатқа айтып, жылап отыратын. Әсіресе, 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің қалай етек алғаны Аманкелді батырды қолдаған жанкешті азаматтардың Қазақстанның түпкір-түпкірінен келіп, батырға қосылуы, батырды жергілікті байлар, бектер, билер, елге сөзі өтетін ел

қалды. Олар қай жерде ел бар, қай жерде тамақ бар, қай жерде атына шөп бар, сол өңірлерді жағалай отырып, Торғайдан шығып өзен бойларын қуалай Ұлытауға, одан шығысқа қарай асқан жолдарында үлкен-кіші демеі қырып, үйін өртеп, заттарын тонап, қан-жоса қырғын жасап отырған. Міне, осы кезде елдегі ержүрек азаматтар «Аллалап» атқа қонып, оларды қолдайлы жерлерде шабуылдап, қырғынға ұшыратқан.

Кейкі батырдың «сары орыстың, бәрі орыс» деп кездескенін атып тастап отырған кезі осы. Торғай, Жыланшық, Аққұм, Құмкешу, Қабырға, Сарыторғай, Қараторғай, Тасты, Жалдама бойы азаматтары атқа қонған. Оның ішінде атақты Жәуке батыр немересі Орманбек те болған.

Осы қанды кек аяқталмай жатып қара жұмысқа қазақ жастарын алу жайлы патша жарлығы отқа май құйғандай халыққа әсер етті. Бейбіт жатқан халықты қуалап жүріп қырағы аздай, енді қара жұмысқа шақыруы ұлт азаматтарына намыс болды. Осыдан келіп Аманкелді Иманов бастаған көтеріліс барша қазақ халқына ұран болып «Аллалап» атқа қонуға, көре, біле тұрып, тәуекелге бел буып, зеңбірек пен пулеметке қарсы қылышпен шабуылдауға, тәуелсіздігі мен бостандығын сақтап қалуға итермеледі.

Бұл көтеріліс өзінің мақсатына жетіп тоқтады. Торғай көтерілісі барша қазақ даласын оятып, дүр сілкіндірді. Осы көтерілісті барша қазақ азаматтары, көршілес Респубикалар да қолдады.

Міне, осы қанды-қасап қырғынның алдыңғы шебінде болып, мергендер тобын бастаған, лек-легімен шыққан жазалаушы отрядтың алдында барлауға жіберген солдаттардың дыбысын шығармай қырып, аз қолмен өзінен он есе, жүз есе жауға атойлап шабуылдап ойсырата соққы берген көзсіз сұр мерген Кейкі батырдың ерлігі арада ғасыр өтсе де күні бүгінге дейін ауыздан ауызға жыр болып жатталып, аңыз болып айтылып келеді.

Кейкінің атын естіген жазалаушы отряд «Шайтан! Шайтан!» деп бас сауғалап қашатын

Кізібей алдынан шығып, тасадан шабуылдап, үрейін ұшырған. Тосқауылда қанша күш барын білмеген отрядтар кері қайтуға мәжбүр болған.

Торғай көтерілісі патша жарлығы шыққаннан 1917 жылғы ақпан Революциясына дейін жалғасты. Ақпан Революциясынан кейін қос үкімет орнады. Білікте уақытша үкімет отырды. Көтерілісшілерге кешірім жасалды. Осы қарсаңда «Алаш» автономиясы жарияланды. Қызылдар 1917 жылы 25 қазанда билікті уақытша үкіметтен күшпен тартып алып, Кеңес үкіметін жариялады. Кеңес үкіметі «Алаш» үкіметімен күресті. Кеңес үкіметі құрылғасын Әліби Жангелдин Лениннен мандат алып «Дала комиссары», Амангелді «Әскери комиссар» болды. Көтеріліс басшысы Әбдіғаппар Жанбосынов, Кейкі мерген биліктен шеттетілді.

Кейкі әділетсіз қоғамдағы жауыздыққа төзе алмай, ақтың әскерімен де, қызылдың әскерімен де соғысты. Осындай алмағайып уақытта Аманкелді ажал құшты, оның өлімін Әбдіғаппардан көрді. Әбдіғаппарды Әліби Жангелдиннің отряды «Көкөлеңде» қыстап отырған жерінен үйінен алып шығып, 10 шақырымдағы «Зәуре» қопасының жиегіндегі Аманкелдінің ағасы Бектепберген атып тастап, өзі әйелін, баласын түйе жеккен арбаға салып, Аралдың «Қара Құмына» қашты. Бұл қаралы хабарды естіп Кейкі інісі Шұбарды (Нұрмұханбет) Бектепбергенді шақыруға жібереді. Бектепберген қайтпайды. Қайтпасаң ағам деген. Атсаң ат дейді атақты мерген – ұста Бектепберген. Шұбар атып өлтірген. Алдындағы арыстарынан айрылған жаралы жолбарыс басқа ұлт кездесе шабуылдаған. Осы кезеңде Торғай даласында Дутовтың 10 мыңдай әскері болған. Соғыстан қашқан солдаттар елді тонап, қырғынға ұшыратқан қызылдар Кейкіні ұстау жөнінде 3-4 рет отряд шығарған.

Кейкі батыр қуғыншының қарасы көрінген жерден атқа теріс қарап отырып қашып оқ жететін қашықтыққа ілінгенін бір-бірілеп атып, қырып кеткен.

Көбіне отрядты өзі іздеп

шықса, алдынан манайы жан кездеседі. Жағдайды естіген соң жанындағы отызға жуық серігіне хабарласпай, жанындағы жолдасымен келе жатқан отрядты қолайлы жерден аңдып, таң ағара шабуылдайды. 20 адамнан екі офицер мен сұлтанды тірі қалдырып, басқасын атып өлтіреді. Сол жолы 2 офицерді өлтіргенде мені де келген соң ағатын еді, мені аяп ана екеуін тірі қалдырды ғой деп отыратын Сұлтан марқұм.

Кейкі батырдың Ұлытау аймағын паналауы осы өңірдегі «Бағаналы-наймандар» Кеңес үкіметін 1925 жылға дейін мойындамады. Кейкіге 350 адамдық отряд жинап беріп, қолдау көрсетті. Кейкіні қолға түсіру оңайға соқпайды. Қазіргі «Шеңбер» ауылынан 10 шақырым қашықтықта «Қараторғай» өзені жанындағы үңгірде жатқанда түнде қызылдар қоршайды. «Кейкі, беріл, болмаса зеңбіректен атамыз» деген айғайды естіп інісі Түскен екеуі биіктігі 15 метрдей жартақ құздан төмен сырғып, өзен табынындағы аттарына міне қарсы шауып, топты жарып өткенде Кейкіге оқ тимей, інісі оққа ұшады. Амалы құрыған қызылдар Әліби Жангелдиннің атынан хат жазып, бұрыннан сыйлас, қазақша білетін комиссар Н.Токаревті Ұлытаудың «Бозтұмсығында» жатқан Кейкіге көктемгі қар суында жұмсайды. Қарусыз барған Токаревтің жанында бір қазақ офицер болған. Ел ағалары арқылы Кейкімен кездесіп, хатты береді. Әліби елге келуін сұрайды. Соғыс заңына сәйкес жасаған қылмысың ақталады, қызмет береміз, тәрбиелейміз деп Токарев та түсіндіреді. Батыр әрі бері ойласып, қой, далادا қаңғып өлгенше елге барайын, атсам жауларымды аттым, кешірер, әрі әйелі Ақжансұлу Байшора қызының аяғы ауыр, туарманға келіп отыр деген оймен Токаревке еріп, Торғайға 28 шақырым жердегі «Шуақбай» қыстауында отырған.

Атақты бай Нұршабайдың Әбдіхалығының үйіне келіп қонады. Оңаша бір кезеңде Нұршабай «Ой! Қарғам-ай! Бекер келесің, ертең қамайды-ау» дейді. Сол сөз батырға шаншу

жылы дүниеден озды.

Міне, ұлтымыздың бостандығы үшін есіл ер осылай опат болды. 2023 жылы Кейкі батырдың өмірден озғанына 100 жыл. Осыған орай Аманкелді ауданының өзі жерленген «Тасты» ауылын Кейкі батыр ауылы деп атасақ халық үшін арыстандай алысып, жолбарыстай жұлқысып өткен жау жүрек батыр, көзсіз сұрмерген, жауға салауат айтып шабуылдаған, аузынан «Алласы» түспеген әруақты ер, төбесінде киесімен қорғап алты аққу пірі қолдаған ерге қандай жақсылық жасасақ та артық емес. Батырға мемлекет деңгейінде жақсылық жасалды. Асыл ердің бас сүйегін Президент ұшағымен елге жеткізді. 14 метр кесене тұрғызып, мемлекет деңгейінде жерлеу шарасы өтіп, 5000 адам қатынасты. Мемлекеттік хатшы, зиялы қауым аяғынан тік тұрып тағзым етті, ғылыми практикалық конференция ұйымдастырылды, мұражай ашылды, 16 сериялы «Кейкі мерген» атты көркем фильм түсірілді. Қазақфильм «Кейкі батыр» атты деректі фильм түсірді. Спектакльдер қойылды, дастандар жазылды, көптеген тарихи-танымдық туындылар жазылды.

Арада 100 жыл өтсе де халқы батырын бір күн ұмытқан жоқ. 1964 жылы жезқазғандық Әбу Қарақожин Кейкінің қаны төгілген жерге алғаш ескерткіш орнатты. Туысы Дубәкір Қылышбаев батырдың бас сүйегі келеді деп кесене тұрғызып, ескерткіштер орнатты. 22 желтоқсан 2017 жылы Астанада Қазақстан Республикасы Ұлттық тарихи-әскери мұражайында өткен «Кейкі батыр» кітабының тұсаукесерінде шетелдік әскери ғалымдар Кейкі батырды ХХ ғасырдың теңдессіз батыры деп бағалады. Кейкі батырға жасалатын құрмет барша ұлт-азаттық қаһармандарына жасалатын құрмет. Кейкі батырға халық батыры атағы берілсе, батыр алдындағы борышымыз ақталар еді, еліміздің мәртебесі өсер еді, бүгінгі ұрпаққа патриоттық тәрбие болар еді.

Шөптібай БАЙДІЛДИН,
Кейкітанушы